

**М.З. Жанбубекова<sup>1</sup>, А.Т. Тусипжанова – Шагинова<sup>1</sup>**  
<sup>1</sup>«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ  
Семей қаласы, Қазақстан Республикасы  
е – mail: [meiramgul3.11@mail.ru](mailto:meiramgul3.11@mail.ru), [temirbekovna1984@mail.ru](mailto:temirbekovna1984@mail.ru)

### **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ**

Мақалада мектепке дейінгі білім беру мен бастауыш білім берудің сабақтастығының маңызы және тәрбие процесінің әдістері мен формаларында сабақтастықты қалай жүзеге асыруға болатыны жайлы ұсыныстар берілген. Мектепке дейінгі тәрбие - білім берудің алғашқы сатысы. Мектепке дейінгі білім берудің мақсаттары мен міндеттері мемлекеттік білім беру саясатында белгіленген мақсаттарға негізделген. Бұл мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықты орнатуға негіз болады. Сабақтастықтың көрінісі - балабақша мен бастауыш сыныптарда балаларды тәрбиелеу мен оқытудың міндеттері, мазмұны, формалары мен әдістері арасындағы байланысты орнату болып табылады. Бастауыш мектепте шындықтың әртүрлі салаларындағы балалардың білімін одан әрі кеңейту және тереңдету жүреді, білімді теориялық тұрғыдан түсіну, ғылыми ұғымдарды қалыптастыру басталады. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасының білім беру салаларының мазмұнын жүзеге асырудан, ғылымға негізделген бастауыш білім беру бағдарламасының пәндік салаларын игеруден басталады.

**Түйін сөздер:** мектепке дейінгі білім беру, бастауыш мектеп, сабақтастық, жеке қасиеттерге арқа сүйеу, екі жақты пайда

**М. З. Жанбубекова<sup>1</sup>, А. Т. Тусипжанова-Шагинова<sup>1</sup>**  
<sup>1</sup>НАО "Университет имени Шакарима города Семей"  
город Семей, Республика Казахстан  
е – mail: [meiramgul3.11@mail.ru](mailto:meiramgul3.11@mail.ru), [temirbekovna1984@mail.ru](mailto:temirbekovna1984@mail.ru)

### **Преимственность дошкольного и начального образования**

В данной статье исследована важность преемственности дошкольного и начального образования и методы и формы реализации преемственности в образовательного процессе. Дошкольное образование - это первый этап обучения. Цели и задачи дошкольного образования основываются на целях, определенных государственной политикой в области образования. Это является основой для установления преемственности между дошкольным учреждением и начальной школой. Проявлением преемственности является установление связи между целями, содержанием, формами и методами воспитания и обучения детей в детском саду и начальной школе. В начальной школе происходит дальнейшее расширение и углубление знаний детей в различных областях действительности, теоретическое осмысление знаний, формирование научных представлений. Оно начинается с реализации содержания образовательных направлений программы дошкольного образования, разработки предметных областей научно-обоснованной программы начального образования.

**Ключевые слова:** дошкольное образование, начальная школа, преемственность, опора на личные качества, взаимная выгода

**M. Z. Dzhambubekova<sup>1</sup>, A. T. Tusipzhanova-Shagirova<sup>1</sup>**  
<sup>1</sup>NAO "Shakarim University of Semey"  
Semey city, Republic of Kazakhstan  
е – mail: [meiramgul3.11@mail.ru](mailto:meiramgul3.11@mail.ru), [temirbekovna1984@mail.ru](mailto:temirbekovna1984@mail.ru)

### **CONTINUITY OF PRESCHOOL AND PRIMARY EDUCATION**

Preschool education is the first stage of education. The goals and objectives of preschool education are based on the goals determined by the state policy in the field of education. This will form the basis for establishing continuity between preschool and primary school. A manifestation of continuity is the establishment of a connection between the goals, content, forms and methods of upbringing and teaching children in kindergarten and primary school. In

elementary school, there is a further expansion and deepening of children's knowledge in various areas of reality, theoretical comprehension of knowledge, the formation of scientific ideas. It begins with the implementation of the content of the educational directions of the preschool education program, the development of the subject areas of a scientifically based primary education program. The article provides recommendations on the importance of continuity in preschool and primary education and on how to implement continuity in the methods and forms of the educational process.

**Key words:** preschool education, primary school, continuity, reliance on personal qualities, mutual benefit

### **Кіріспе.**

Біздің елімізде мектепке дейінгі тәрбиенің маңызы жыл санап артып келеді. Білім беру жүйесінің бірінші буыны болып табылатын балабақшаларға баланың жеке басының дамуына, оның әлеуметтік бағдарларын қалыптастыруға деген үнемі өсіп келе жатқан жауапкершілік жүктеледі. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуға қамқорлық жасау адамзаттың маңызды міндеті болып табылады. Балабақшада бала өмірінің көп бөлігі өтеді. Баланың өзіне білінбей ойын түрінде көптеген дүниелер бала бойына сіңіп жатады. Өз өзіне күтім жасауға үйреніп, мәдени – гигиеналық дағдылары қалыптасып, түрлі ойындар арқылы жан – жақты дамиды. Баланың тілі, қимыл – қозғалысы, дене бұлшықеттері, зейіні, ойлау қабілеті, өзін қоршаған ортамен қарым – қатынасқа түсу дағдылары және басқада дағдылары мен қабілеттері қалыптаса береді. Көбінесе балабақшада жанып тұрған балалар, ән айтып, би билеп, қолөнерде ерекше көзге түсіп жүрген балалар сөніп қалып жатады. Міне сол себептен менің ойымша бала баратын мектептегі бастауыш сынып мұғалімімен балабақша тығыз байланыста болуы маңызды. Балабақша табалдырығын аттаған баланың әр жыл сайын дамуын тәрбиешілер мониторинг жасап, ата – анамен тығыз байланыста болады. Жылдар бойы бала тәрбиешінің көз алдында өседі, дамиды, өзгереді. Сол баланың қабілеттері жайында, мінезіндегі ерекшелігі жайында білетін ақпаратымен бастауыш сынып жетекшісімен бөлісіп, арықарай дамуына үлесімізді қосуымыз қажет. Сол себептен, мектепке дейінгі білім беру мен бастауыш білім берудің сабақтастығын ары қарай қарастырған маңызды деп есептеймін.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы дегеніміз

не? Мектепке дейінгі тәрбие - білім берудің алғашқы сатысы. Мектепке дейінгі білім берудің мақсаттары мен міндеттері мемлекеттік білім беру саясатында белгіленген мақсаттарға негізделген. Бұл мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықты орнатуға негіз болады. Сабақтастықтың көрінісі - балабақша мен бастауыш сыныптарда балаларды тәрбиелеу мен оқытудың міндеттері, мазмұны, формалары мен әдістері арасындағы байланысты орнату болып табылады.

Үздіксіздік сабақтастық деп әр түрлі даму сатылары мен кезеңдерінің арасындағы нақты байланысты айта аламыз. Оның мәні белгілі бір элементтерді немесе тұтас жүйенің жеке ұйымдастыру аспектілерін сақтау болып табылады. Осыған сүйене отырып, мектепке дейінгі білім беру мен бастауыш білім берудің сабақтастығын бір жағынан мектепке дейінгі мекеменің педагогикалық процесінің бастауыш мектепте балаларға қойылатын талаптарға бағдарлануын, екінші жағынан бастауыш сынып мұғалімінің мектепке дейінгі жастағы баланың физикалық, жеке және интеллектуалды қасиеттеріне арқа сүйеуіне мүмкіндік тудыратын маңызды екі жақты байланыс ретінде қарастыруға болады. Сонымен, бастауыш мектеп баланың мектепке дейінгі ересек жасында қол жеткізген қасиеттеріне сүйенеді және сонымен бірге баланың сапалық жаңа сипаттамалары мен тұлғалық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

### **Негізгі бөлім.**

«Сабақтастық» ұғымына берілген анықтамаларды қарастыратын болсақ:

–«оқу – тәрбие үдерісіндегі әрбір келесі жаңа буында өткен сатыда алынған білім мазмұнын бекітіп, кеңейтіп,

күрделендіріп және тереңдетіп отырудағы жүйелілік» (И.Я.Лернер);

– «білім беру жүйесіндегі сабақтастық оқушының ойлау әрекетінің дамуындағы ең маңызды шартының бірі ретінде қарастырылады. Сонымен бірге қарапайым ұғымдар мен түсініктердің күрделі ұғымдар жүйесіне бірігуін қамтамасыз етеді» (Ш.И.Ганелин).

– «білім негіздерін белгілі бір логикалық байланыста, оқыту материалдарын бірізділік жүйемен оқыту» (И.А.Кайров);

– «...білім бұрын алған біліммен байланыста болады, үнемі оны толықтырып, дамытып отырады, өз кезегінде келесі сабақтарда берілетін білім үшін негіз бола алады» (Б.Е.Райков);

– «сабақтастық – ол дамудың сатылары мен буындары арасындағы байланыс» (Э.А.Баллер);

– «даму үрдісіндегі жаңа мен ескінің арасындағы қажетті объективті байланыс, терісті-терістеу заңдылығының мәнді белгісі, бұрынғы сатыдағы жеткен нәтижесіз тұрмыста да танымда да алға жылжу мүмкін емес» (философиялық сөздік);

– «сабақтастық – оқыту сатысының мәні, оның алға қарай қозғалысы, жүйелілік, білім сабақтастығының шарты» (М.А.Данилов пен Б.П.Есипов).

«Сабақтастық» - қоғам негізіндегі жетістіктерді қамтамасыз ету және оны сақтаудың негізгі әлеуметтік заңдылықтарының бірі болып табылады. Ол өмірдің, өмірлік тәжірибенің атадан балаға жалғасуы, қандай да бір әдет-ғұрыпты сақтаудағы сабақтастық, ұрпақтардың ұлттық құндылықты сақтаудағы сабақтастық, тәрбие берудегі сабақтастық - ол ұлттық педагогика, ұлттық құндылықтағы сабақтастық т.с.с.

Сабақтастықты әлеуметтік сипатынан қарағанда ол-қандай да бір құбылыстардың дамуы материалдық қоғамдық рухани өмір жағдайларының даму үдерісін бейнелейді. Ал әдістемелік, ол - сол құбылыстың, болып жатқан

жағдайлардың себебін анықтап білу болып табылады.

Білім беру үрдісіндегі сабақтастық проблемасын әйгілі педагог Ян Амос Коменский адам дамуының жас ерекшелігінен, оның танымдық әрекетінен туындайтын оқыту ұстанымы ретінде қарастыра келіп, біріншіден жалпы білімге көңіл бөлу қажет, онда алдыңғының бәрі кейінгіге жол ашып, оның қадамына жарық түсіруі тиіс, екіншіден, сабақтастықты қамтамасыз ету жағдайында баланың жас ерекшелігіне сәйкес берілетін білімге жете көңіл бөлу, үшіншіден отбасындағы берілетін білім балабақша мен бастауыш сыныптардағы берілетін білімге бағыт-бағдар беретіндей жағдайда жүргізілуі керек, төртіншіден, өмір бойы білім алу, өз-өзінің білімін жетілдіріп отыру туралы пікірі бүгінге дейін құндылығын жоғалтпағанын білеміз. Я.А.Коменский белсенділік пен саналылық, бірізділік пен жүйелілік, сабақтастық ұстанымдарын өзара тығыз байланыстыра отырып қарастырған.

Мектепке дейінгі білім беру мен бастауыш білім берудің сабақтастығының негізі неде?

Сабақтастықты төмендегідей қарастыруға болады:

- ✓білім беру процесінің мазмұнындағы сабақтастық;
- ✓білім беру процесінің әдістері мен формаларындағы сабақтастық;
- ✓балабақша мен бастауыш мектепте балаларды тәрбиелеу шарттары.

Оқу процесінің мазмұнында сабақтастық қалай жүзеге асырылады?

Педагогикалық процестің мазмұнындағы сабақтастық мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары арасындағы байланысқа негізделген. Бұл философиялық (жүйелік-белсенділік тәсіл), психологиялық негіздерінің біртұтастығымен және мектепке дейінгі білім беру мен бастапқы кезеңдегі білім мазмұнын таңдау принциптерімен байланысты (ғылыми сипат, өмірмен байланыс және баланың белсенділігі, білім

берудің тәрбиесі мен дамытушылық бағыты және т.б.).

Бастауыш білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттары мектепке дейінгі білім беру бағдарламасының білім беру бағыттары мен бастауыш білім беру бағдарламасының пәндік бағыттары арасындағы бірлікті көрсетеді. Мысалы, мектепке дейінгі білім беруде жалпы білім беру бағдарламасында балалардың «Қатынас» білім беру саласы келесі міндеттерді шешуге бағытталған: ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынасты дамыту; ауызша сөйлеудің барлық компоненттерін (лексикалық жағы, сөйлеудің грамматикалық құрылымы, сөйлеудің айтылу жағы; келісілген сөйлеу - диалогтық және монологиялық формалар) балалар қызметінің әр түрлі формалары мен түрлерінде дамыту; оқушылардың сөйлеу нормаларын практикалық тұрғыдан меңгеруі. Бастауыш білім беруде, «Филология» пәндік саласы білім берудің осы кезеңіне тән, жаңа міндеттерді анықтай отырып, диалог пен монологтық ауызша және жазбаша сөйлеу, коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының «Әлеумет» білім беру саласының мазмұны әлеуметтік сипаттағы бастапқы идеяларды игеру және балаларды әлеуметтік қарым – қатынастар жүйесіндегі мәселені шешу. Осы арқылы мақсаттарына жетуге бағытталған: гендерлік, отбасылық, азаматтық, отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыру, әлемдік қоғамдастыққа енгізу.

Бастауыш білім берудің жалпы білім беру бағдарламасында «Әлеумет» саласы отбасына, қонысқа, аймаққа, Қазақстанға, біздің еліміздің тарихына, мәдениетіне, табиғатына, оның қазіргі өміріне деген құрмет сезімін қалыптастыруға бағытталған. Қоршаған әлемнің құндылығы, тұтастығы және әртүрлілігі, ондағы олардың орны туралы хабардар болу. Мектеп жасына дейінгі балалардың білімінің негізгі мазмұны болып табылады. Айналадағы әлем туралы түсініктердің және кейбір қарапайым түсініктердің кең

ауқымы бар. Бұл бастауыш білім мазмұнын игерудің негізін қалайды.

Бастауыш мектепте шындықтың әртүрлі салаларындағы балалардың білімін одан әрі кеңейту және тереңдету жүреді, білімді теориялық тұрғыдан түсіну, ғылыми ұғымдарды қалыптастыру басталады. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасының білім беру салаларының мазмұнын жүзеге асырудан, ғылымға негізделген бастауыш білім беру бағдарламасының пәндік салаларын игеруден басталады.

Мазмұнның сабақтастығын балаларды тәрбиелеудің жалпы міндеттерін жүзеге асыруға бағыттаудан байқауға болады: әлемдік мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, ұлттық мәдениеттің рухани құндылықтарымен, Қазақстанның көпұлтты халқының және басқа елдер халықтарының моральдық-этикалық құндылықтарымен танысу; жалпыадамзаттық мазмұнның құндылық бағыттарын, белсенді өмірлік позициясын, оқу және басқа да шығармашылық қызметте өзін-өзі дамытудың қажеттілігін қалыптастыру; коммуникативті дағдыларды, өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын дамыту; қоршаған әлеммен жағымды өзара әрекеттесу тәжірибесін қалыптастыру және кеңейту, құқықтық, эстетикалық, физикалық және экологиялық мәдениеттің негіздерін тәрбиелеу. Осы міндеттерді іске асырудың негізі мектепке дейінгі білім беру кезеңінде қаланады және бастауыш білім беру кезеңіндегі бастауыш мектеп жасындағы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біртіндеп жалғасады және тереңдей түседі.

Қорытындылай келе, оқу процесінің мазмұнында сабақтастықтың негіздемесін келесідей тұжырымдай аламыз:

- кіші мектеп жасындағы балалардың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың ары қарай өмірлік жас кезеңдеріндегі әс-әрекет түрлерінің қалыптасып, жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;
- білім беру үрдісінің кезеңдерінде үздіксіз білім беру жүйесін қамтамасыз

етеді (балабақша-мектеп, мектеп жоғарғы оқу орны);

- біртұтас білім беру жүйесіндегі оқу іс-әрекеттерінің кезеңдердің табысты жүзеге асырылуына өз үлесін қосады.

Тәрбие процесінің әдістері мен формаларында сабақтастық қалай жүзеге асырылады?

Оқыту әдістеріндегі сабақтастықтың шарты - олардың білім мен білік дағдыларының, ақыл-ой қабілеттерінің, балалардың іс-әрекетіндегі субъективті ұстанымының, мектепке дейінгі және бастауыш деңгейлердегі балалардың шығармашылық белсенділігінің саналы және тұрақты шарттарын қамтамасыз етуге бағытталғандықтарының бірлігі. Балабақшаның ересек топтарында оқытудың ойын технологиялары, проблемалық іздеу әдістері, жоба әдісі кеңінен қолданылады. Бұл балалардың құрдастарымен және ересектермен өзара әрекеттесуінің күрделі формаларын меңгеруін қамтамасыз етеді және оқыту әдістері мен формаларында сабақтастықтың негізін қалайды. Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кезеңдерінде балалардың әлеуметтік тәжірибесін қалыптастыруда, адамгершілік мінез-құлық негіздеріне, әңгімелер, рөлдік ойындар, фильмдер қарау, шығармашылық істерді ұйымдастыру, әлеуметтік жобалар мен іс-шараларға қатысу, мереке, экскурсиялар, саяхаттар т.б. сияқты тәрбиелеу әдістерін қолданудағы бірлік байқалады.

Қорытындылай келе, тәрбие процесінің мазмұнында сабақтастықтың негіздемесін келесідей тұжырымдай аламыз:

- балалардың білуге деген құмарлығын қалыптастыру және ары қарай дамыту;
- балалардың өз бетінше әр түрлі деңгейдегі шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды шеше білу қабілеттерін дамыту;
- балалардың зияткерлік және тұлғалық дамуына бағытталған шығармашылық қиялдарын дамыту;

- балалардың тілдік қарым-қатынасын дамыту (кұрбы-кұрдастарымен, ересектермен тіл табысып, сөйлесе білу).

Орыс педагогы К.Д.Ушинский оқытудағы сабақтастықты тек маңызды оқыту ұстанымы ретінде қарастырып қана қоймай, оны «оқытудың табысты болуының алғы шарты» яғни сабақтастық бұрын оқылған және оқылып жатқан материалдар арасындағы байланыстарда пайда болады деп көрсетеді.

Ресейде мектепке дейінгі және бастауыш мектептегі сабақтастық мәселесін алғаш қарастырған В.Ф.Одоевский болғаны, ол «ғылымға дейін ғылым» деген еңбегінде мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеуге арналып, оның бастауыш мектептің еңбек тәрбиесінің өзара байланысын ұйымдастыру туралы қызықты ой-пікірлер айтылады.

А.С.Симонович балабақша мен мектептің байланысын келесідей көрсетеді: балабақша баланың жалпы дамуын жүзеге асырады, ал мектеп бұл дамуды қолданады. Балабақшада балалар оқымауы керек, олар дамуы керек, «мектеп пен балабақшадағы сабақтар арасында қатаң сызық салынған: мектеп күрделі ғылыммен айналысады, ал балабақша күрделі ойынмен айналысады. Мектепте - берілетін пәнге назар аударылады, ал балабақшада - балаға назар аударылады, ал пән екінші рөлде болады, ол тек мақсатқа жету құралы болып саналады». Сонымен қатар, «...қазіргі заманғы мектеп өзінің құрылымын, әсіресе бірінші сыныпта өзгертсе, оқушыларды грамматикамен шаршатпаса, оның орнына мектеп пәндерін беру енгізілсе, бала үшін балабақшадан қарапайым мектепке тікелей өту болмайтын еді».

Н.Ф.Каптерев балабақшаны балалардың қоғамдық тәрбие жүйесінің бірінші сатысы ретінде қарастырған. Ол «мектепке дейінгі жылдары баланың ойын, еңбек, оқу іс-әрекеттерінде ақыл-ой дамуына үлкен назар аударуды, оның сезімдерін, еркін дамытуды, дербестік, шыдамдылық, бақылау шеберлігі, салыстыру сияқты мінез-құлық белгілерін

дамытуға ерекше назар аударуды атап көрсетеді, бұлардың бәрі баланы оқуға толыққанды дайындау үшін қажет» деп тәжірибесін жинақтау арқылы іс-әрекеттің субъектісі ретінде қалыптасуына мән берген.

Танымал педагог Е.И.Тихеева балабақша мен мектептің байланысын қалыптастыру қажеттілігі туралы былай жазған: «Балабақша мен мектеп арасында ешқандай сызық жоқ және болмауы да керек. Балабақшаның ересек сатысы - үштен бір мектеп, ал мектептің кіші сатысы - үштен бір балабақша болып саналады». Автордың пікірінше, балабақшаның ересек тобында балалардың білімдері мен елестетулерінің бірқатар жүйесін реттеу қажет, оларды балалар балабашадағы оқу-тәрбие үдерісінде меңгереді».

Білім берудегі сабақтастық мәселесі көптеген еңбектерде талданған.

Сабақтастық дегеніміз – екі жүйе арасындағы ортақ мақсат-міндеттер, ортақ мазмұндық жүйе, білім берудің әдістемелік жүйесінің әрбір компонентінің үйлесімділігі.

Балабақша мен бастауыш сатының сабақтастығы біріншіден: аталған сатыдағы білім берудің өзіндік мақсаттарының айқындалуын, білім мазмұнының бірыңғай жүйелі құрылуын, баланың тиімді дамуы арқылы білім берудің келесі сатысына көшуінің қамтамасыз етілуін қарастырады. Екіншіден: білім беру жүйесінің әрбір әдістемелік компоненттерінің байланысы мен үйлесімділігінің болуын қамтамасыз ету қажет (мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдіс-тәсілдері, құралдары, ұйымдастыру түрлері). Сабақтастық сақталу үшін мектепке дейінгі кезеңде – жас ерекшелігіне сәйкес балалардың өзін-өзі бағалауының сақталуы, баланың танымдық және тұлғалық дамуы, олардың қоршаған ортамен өзара байланыс жасауға дайындығы, мектепке дейінгі кезеңдегі іргелі жаңалықтар ретіндегі жетекші әрекеттерінің дамуы қарастырылады. Ал бастауыш сатыда – мектепке дейінгі кезеңдегі жетістіктерінің барлық деңгейіне

тірек болуды, қарқынды даму жағдайында жеке жұмыстарды, мектепке дейінгі қалыптасып болмаған қасиеттерді түзетуге арнайы көмек көрсетуді, жетекші әрекеттер арқылы қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас формаларын дамытуды қамтамасыз ету қажет. Білім беру мазмұнының сабақтастығы мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш сатыдағы, негізгі мектеп және кәсіби бағдарлы мектептер мен жоғары оқу орындарында жалғасын тауып, білім мазмұны үндестік пен үйлесімділік тұрғысынан қарастырылғанда ғана маңызды болмақ.

Қорыта келгенде, екі сатыдағы негізгі мақсат, міндеттер нақтыланып, білім мазмұнын айқындайтын ұстанымдар анықталып, баланың мектепалды даярлығы мен бірінші сыныптың оқу жылы аяғындағы оқу мазмұнына сипаттама жасау арқылы балабақша мен бастауыш сыныптағы білім мазмұнының сабақтастығын қалыптастыруға қол жеткізуге болады деп ойлаймыз.

#### **Қорытынды.**

Балабақшаның білім беру процесі жүзеге асырылатын жетекші қызмет - ойын болып табылады. Бастауыш мектепте білім беру процесі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ойын әдістерін қолдана отырып, сабақ түрінде және сабақтан тыс уақытта жүргізіледі. Бастауыш мектептегі сабақ пен балабақшадағы ұйымдастырылған оқу қызметі бірқатар ерекшеліктерге ие. Балабақшаның ересек топтарында оның кейбір жалпы белгілер пайда болады. Сонымен, балабақшада балалар білім беру мәселелерін шешу процесінде ерікті мінез-құлықтың негіздерін қалыптастырады. Ақыл-ой және іс - тәжірибелік іс-әрекеттің мәселелерін шешуде құрдастарымен өзара әрекеттесуге дайын болады, іс-әрекеттің тиімділігіне, нәтижені бағалауға және өзін-өзі бағалауға ұмтылады.

Сонымен, мектепке дейінгі білім беру мен бастауыш білім берудің сабақтастығы мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы баланың үздіксіз, біртұтас дамуын қамтамасыз етеді.

**Әдебиеттер.**

1. «Дошкольная педагогика с основами методик воспитания и обучения» : Учебник для вузов. /Под ред. А. Г. Гогоберидзе, О. В. Солнцевой . – СПб.: Питер, 2013. – 464с.: ил.
- 2.«Жас ерекшелік педагогикасы» : Оқулық. 2 – басылым/ Мұсаева С., Бегалиев Т. – Астана : Фолиант, 2010.
- 3.Педагогика детей раннего возраста: Учебн. пособие для студентов вузов./ Галигузова Л. Н — М., 2007.
- 4.Дошкольная педагогика: Учебн. посо-бие для студентов сред. пед. учебн. заведений. 4-е изд., стер. / Козлова С. А., Куликова Т. А. — М.: ИЦ «Академия», 2002.
- 5.Педагогика детства: Петербургская научная школа. — СПб., 2005.
- 6.Сравнительная педагогика детства: Учебн. пособие./ Фуряева Т. В. — Красноярск: РИО ГОУ ВПО КПКУ им. В. П. Астафьева, 2004.
- 7.Гегель Г. Наука логики. -М.:Мысль, 1999. б.172
- 8.Баллер Э.А. Преемственность в развитии культуры. -М.:Наука, 1989.б.294

**Әдебиеттер.**

1. «Doshkol'naya pedagogika s osnovami metodik vospitaniya i obucheniya» : Uchebnik dlya vuzov. /Pod red. A. G. Gogoberidze, O. V. Solncevoj . – SPb.: Piter, 2013. – 464s.: il.
- 2.«ZHas erekshelik pedagogikasy» : Okulyk. 2 – basylym/ Mұsaeva S., Begaliev T. – Astana : Foliyant, 2010.
- 3.Pedagogika detej rannego vozrasta: Uchebn. posobie dlya studentov vuzov./ Galiguzova L. N — M., 2007.
- 4.Doshkol'naya pedagogika: Uchebn. poso-bie dlya studentov sred. ped. uchebn. zavedenij. 4-e izd., ster. / Kozlova S. A., Kulikova T. A. — M.: IC «Akademiya», 2002.
- 5.Pedagogika detstva: Peterburgskaya nauchnaya shkola. — SPb., 2005.
- 6.Sravnitel'naya pedagogika detstva: Uchebn. posobie./ Furyaeva T. V. — Krasnoyarsk: RIO GOU VPO KPGU im. V. P. Astaf'eva, 2004.
- 7.Gegel' G. Nauka logiki. -M.:Mysl', 1999. b.172
- 8.Baller E.A. Preemstvennost' v razvitii kul'tury. -M.:Nauka, 1989.b.294

**Джанбубекова Мейрамгуль Зейнгабуловна**

**Лауазымы:** педагогика ғылымдарының докторы, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, педагогика және психология кафедрасы

**Пошталық мекен-жайы:** 070000, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы

**Байл.тел.:** 8 – 705 – 451- 00- 22

**e – mail:** [meiramgul3.11@mail.ru](mailto:meiramgul3.11@mail.ru)

**Тусипжанова – Шагинова Акмарал Темирбековна**

**Лауазымы:** «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, «Педагогика» кафедрасының магистранты

**Пошталық мекен-жайы:** 070000, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, 4 Загородняя көшесі, 17-3

**Байл.тел.:** 8 72 22 63 60 36 (үй); 8 – 777- 854 - 47-84(ұ.т.)

**e – mail:** [temirbekovna1984@mail.ru](mailto:temirbekovna1984@mail.ru)

**Джанбубекова Мейрамгуль Зейнгабуловна**

**Должность:** доктор педагогических наук, некоммерческое акционерное общество «Университет имени Шакарима города Семей», кафедра педагогики и психологии

**Почтовый адрес:** 070000, Республика Казахстан, г. Семей

**Сот.тел.:** 8 – 705 – 451- 00- 22

**e – mail:** [meiramgul3.11@mail.ru](mailto:meiramgul3.11@mail.ru)

**Тусипжанова-Шагинова Акмарал Темирбековна**

**Должность:** некоммерческое акционерное общество «Университет имени Шакарима города Семей», магистрант кафедры «Педагогика»

**Почтовый адрес:** 070000, Республика Казахстан, город Семей, улица 4 Загородняя, 17-3

**Сот.тел.:** 8 – 777- 854 - 47-84, 8 72 22 63 60 36 (дом)

**e – mail:** [temirbekovna1984@mail.ru](mailto:temirbekovna1984@mail.ru)

**Dzhanbubekova Meiramgul Zeyngabulovna**

**Position:** doctor of Pedagogical Sciences, non-profit Joint Stock Company "Shakarim University of Semey", Department of pedagogy and psychology

**Postal address:** 070000, Republic of Kazakhstan, Semey

**Connect.tel.:** 8 – 705 – 451- 00- 22

**e – mail:** [meiramgul3.11@mail.ru](mailto:meiramgul3.11@mail.ru)

**Tsipzhanova-Shagirova Akmaral Temirbekovna**

**Position:** non-profit Joint Stock Company" Shakarim University of Semey", master's student of the Department "Pedagogy"

**Postal address:** 070000, Republic of Kazakhstan, Semey, 4 Zagorodnyaya STR., 17-3  
**Connect.tel.:** 8 – 777- 854 - 47-84, 8 72 22 63 60 36 (House);  
**e – mail:** temirbekovna1984@mail.ru